

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Программалық қамтамасыз етудің жіктелуі

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.08.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/79681/>

Сабақ жоспары

Шеңбертал ЖББОМ информатика пәні мұғалімі Мәдиқызы Айнұр

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 8.3А бөлім. Программалар жасаудың кіріктірілген орталары Күні: Сынып: 8	Мектеп: Шеңбертал ЖББОМ Мұғалімнің аты-жөні: Мәдиқызы Айнұр Қатысқандар: 11 Қатыспағандар: —	
Сабақтың тақырыбы:	Программалық қамтамасыз етудің жіктелуі	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.1.2.1 - жүйелік, қолданбалы программаның қамтамасыз ету және программалау жүйесін ажырату	
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Программалау жүйесін ажыратады Оқушылардың басым бөлігі: Компьютерлерге орнатылған программалық жабдықтарды зерттеп талдайды Кейбір оқушылар: Қолданбалы программалар тізімін жасайды	
Бағалау критерийі	— Программалау жүйесін ажырата алады; — Программалық жабдықтамаларды зерттеп, оларды талдай алады; — Қолданбалы программалар тізімін құра алады;	
Тілдік мақсаттар:	Лексика және терминология: 1. MS DOS, Windows, Unix т.б. 2. Word, Excel, Power Point, т.б. 3. Basic, Pascal, C++, Delphi, т.б.	
Құндылықтарға баулу:	— Топтық және жұптық жұмыс кезінде өзіне және өзгеге деген құрмет көрсету	
Пәнаралық байланыс	Операциялық жүйелерін ағылшын тілінде жазады, оқушылар зейіндерін шоғырландыру мақсатында үш тілді қолданады (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі)	
Алдыңғы білім		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар

<p>Сабақтың басы</p> <p>2 минут</p> <p>3 минут</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі. «Көңіл күйің қандай?, Жақсы тілек жан жадыратар» тренингі. Оқушылар өздерінің көңіл-күйлері туралы айтады және зейіндерін шоғырландыру мақсатында компьютерлік терминдерді, атауларды қолдана отырып бір-біріне жылы лебіз білдіреді. <u>Мысалы: Асылзат-сен жүйелік блок сияқтысың. Оқығаныңды миыңда қатты сақтайсың!</u> Мұғалімнің алдында суреттер тұрады, сол суреттерді алу арқылы оқушыларды екі топқа топтастырамын. I топ: Windows II топ: Excel «Сұрақты ұстап ал» әдісі. Үй тапсырмасына шолу жасау — MS Excel қандай бағдарлама? — Excel программасын қалай іске қосуға болады? — Баған мен жолдың қиылысқан жері қалай аталады? — Жол қалай орналасады? -Бағанның белгіленуін қалай білуге болады? -SUMM сөзінің қызметі қандай?</p>	<p>Түрлі-түсті суреттер, маркерлер, стикерлер, презентация, проектор</p>
--	---	--

<p>Сабақтың ортасы</p> <p>3 минут</p> <p>15 минут</p> <p>1 минут</p> <p>12 минут</p> <p>3 минут</p>	<p>Мұғалімнің түсіндіруі: Ендеше бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Программалық қамтамасыз етудің жіктелуі (Презентация қолданамын)</p> <p>1. ЖҮЙЕЛІК 2. ҚОЛДАНБАЛЫ ПРОГРАММАЛАР 3. ПРОГРАММАЛЫҚ ЖҮЙЕ</p> <p>«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы жаңа ақпаратпен танысады. Топтар кітаптағы оқу материалымен жұмыс жасайды.</p> <p>Топтар тақырыпты постер арқылы қорғайды. Дескриптор: Топтағы оқушылар баяндамашы, көшбасшы, уақыт қадағалаушы болып рөлдерге бөлінеді. Қ.Б. Топтар өзара бағалау жасайды.</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Компьютерде жұмыс. Компьютерде үш қолданбалы программаны таңдаңдар. Бұл программаларды қолданып оқушылар мәліметтер жазады. Мысалы: мәтін жазу, сурет салу, есеп шығару. т.б</p> <p>Қ.Б. Оқушылар өзін-өзі бағалайды «Венн диаграммасы» әдісі арқылы сабақ қорытындыланады.</p>	<p>(110-113 бет аралығы) Мен түсіндім Мен түсінгендеймін Мен түсінбедім</p>
<p>Сабақтың соңы</p> <p>1 минут</p>	<p>Сабақ соңында оқушылармен «SMS» әдісі бойынша кері байланыс жүргізіледі. Үйге тапсырма: 1. 115 беттегі 7 тапсырманы дәптерге орындау, тақырыпты оқу</p>	
<p>Саралау - Сіз қандай тәсілмен Көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда Қабілетті оқушыларға қандай Тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау - Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және Қауіпсіздік техникасын сақтау</p>

<p>«Сұрақты ұстап ал» әдісі бойынша үй тапсырмасы, «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы топтық жұмыс, «Венн диаграммасы» әдісі бойынша сабақты қортындылау. Оқушылардың қабілетіне қарай компьютерде тапсырмалар орындау. «SMS» әдісі бойынша кері байланыс.</p>	<p>Әр тапсырмадан кейін бағалау критерийлері бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none">— Топтық жұмысты бас бармақ арқылы;— Компьютермен жұмысты компьютердің құрылғылары арқылы;— Жеке жұмыстарды смайликтер арқылы бағалау.	<ul style="list-style-type: none">— Информатика кабинетіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау, сергіту жаттығуларын орындау;— Оқушылардың компьютер алдында дұрыс отыруын қадағалау;
---	--	---

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgier.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.